

Гидрогеологиядағы басқару құрылымын мемлекеттік реттеу және жетілдіру мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 21 тамыз N 1042. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасына сәйкес гидрогеологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде шаруашылық субъектілерінің қызметін реттеу және шектеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясының акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес тоқтатсын;

акционерлердің жалпы жиналысына "Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясын тарату жөнінде ұсыныс енгізсін және оны таратуды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырсын;

"Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясының таратылғаннан кейінгі қалған мүлкін сату үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

қоса беріліп отырған тізбеде көрсетілген және бұрын "Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрылымына кірген акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакетін сату үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті қоса беріліп отырған тізбеде көрсетілген акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакетін сату кезінде тендердің бір шарты ретінде сатып алушының жерасты суларының мониторингі бойынша режимді гидрогеологиялық партияларды сақтау және мемлекеттік тапсырысты орындау жөніндегі міндеттемесін ескерсін.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі екі ай мерзім ішінде гидрогеологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде шаруашылық субъектілерінің қызметін реттеу және шектеу саласындағы оның құзыретін айқындайтын қолданылып жүрген нормативтік актілерге

толықтырулар енгізу туралы ұсыныс енгізсін.

4. "Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясы туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 898 қаулысының күші жойылған деп танылсын /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 38, 444-бап/.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 21 тамыздағы

N 1042 қаулысына

қосымша

"Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрылымына бұрын кірген және акцияларының мемпаketін сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес берілетін акционерлік қоғамдардың ТІЗБЕСІ

N р/с	Атауы	Акцияларының мемлекеттік пакетінің шамасы, %
1.	"Алматыгидрогеология" АҚ	20
2.	"Актюбгидрогеология" АҚ	39
3.	"Атыраугидрогеология" АҚ	39
4.	"Жамбылгидрогеология" АҚ	39
5.	"Жайықгидрогеология" АҚ	90
6.	"Көкшетаугидрогеология" АҚ	39
7.	"Қостанайгидрогеология" АҚ	90
8.	"Кзылордагидрогеология" АҚ	45,4
9.	"Павлодаргидрогеология" АҚ	39
10.	"Семейгидрогеология" АҚ	60
11.	"Талдықорғангидрогеология" АҚ	70
12.	"Шымкентгидрогеология" АҚ	39

